

# KASE
# АПТАЛЫҒЫ
**06 – 10 қараша, 2017**

## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- 2017 жылдың 01 карашасынан  08 желтоқсанына дейін Қазақстан қор биржасы акциялар нарығында жеке инвесторлар арасында конкурс өткізеді. Өтінімдерді қабылдау 2017 жылдың 02 қазанынан 20 карашасына дейін жүзеге асырылады. Іс-шараны өткізу Қазақстанда акциялармен биржалық сауда-саттықты әйгілі етуге бағытталған. Конкурсқа қатысуға KASE қор нарығы мүшелерінің клиенттері болып табылатын жеке тұлғалар (брокерлер) қатыса алады.
- 2017 жылдың 08 қарашасында компанияның қаржы және заң бөлімшелерінің қызметкерлері үшін KASE "Қор нарығының негіздері" атты оқу бағдарламасын жүргізді.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Даму банкі" АҚ "Қазақстан Даму Банкі" АҚ Бағдарламасы аясында  2 000 000 000 АҚШ долларына орташа мерзімді бағалы қағаздар шығарылымы" бойынша жоспарланған 100,0 млрд теңге халықаралық облигациялардың шығарылымы туралы хабарлады.
- 09 қарашадан бастап  "Қазақстан Халық Банкі АҚ еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ кепілдігімен шығарылған "КТЖ Финанс" халықаралық облигациялары бойынша Қазақстан қор биржасындағы маркет-мейкер мәртебесі берілді.
- 07 қарашада Банктің қаржылық жағдайын жақсарту үшін "Bank RBK" Банкі" АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, "Қазақмыс" компаниялар тобымен аралық келісімге қол қойғаны туралы хабарлады.
- 07 қарашада "Bank RBK" Банкі" АҚ Қазақстан Республикасының банк секторында қаржылық тұрақтылықты арттыру бағдарламасына қатысаты туралы және Банктің Директорлар кеңесінің  жаңа төрағасы сайлағаны туралы хабарлады.
- 08 қарашада  "Қазақстан Даму Банкі" АҚ Moody's Investors Service агенттігінің банктің және оның облигацияларның рейтингін "Baa3" деңгейінде растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- 08 қарашада  "ForteBank" АҚ  Standard & Poor's рейтингілік агенттігінің банктің рейтингілік бағасын арттырғаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты" деңгейінен "Позитивті" деңгейіне ауыстырды.
- 08 қарашада  "Банк "Bank RBK" АҚ Директорлар кеңесінің отырысында банктің ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында банктің 700 млн жай акцияларын орналастыру туралы шешім қабылдады.
- 09 қарашада "Жайықмұнай" ЖШС Шынар кен орнында көмірқышқыл шикізатын барлау, өндіру және қосымша барлау жүргізуге келісім-шартқа қосымша жасағаны туралы хабарлады.
- 10 қарашада "Банк "Bank RBK" АҚ Директорлар кеңесінің отырысы барысында жай акцияларға айырбасталған 244 млрд теңге атаулы купондық субординацияланған облигацияларды орналастыру туралы шешім қабылдады.

KASE Индексі бір аптада 0,60% төмендеп, 2 067,18 нүктені құрады. Сейсенбі күнітеңгемен есептелген акциялар нарығын нарықтық капиталдандыру тарихи жоғары деңгейді көрсетіп, 16 856 млрд теңгені құрады. Кселл акцияларының құны құлдырап, құны 4,00% төмендеп, бір акцияға 1 756 теңгені құрады. Ұялы байланыс операторының бағалы қағаздарының мәні 2017 жылдың 15 қыркүйегінен бастап төменгі деңгейде жабылды, егер сатылым аптаның алғашқы күндерінде аз көлемде жүрсе, жұма күні олар 92 млн теңгеге артты немесе соңғы 14 сауда-саттық сессиясында максималды мәнін көрсетті.

**KASE индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




| 10.11.2017 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 2 067,2 | -0,6 | -0,2 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Цена** | **Δ 7д** | **Δ 1м** |
| Сбербанк (Россия) | 1 235,0 | 10,4 | 9,2 |
| Банк ЦентрКредит | 196,2 | 3,26 | 21,4 |
| **РД КазМунайГаз** | 21 400,0 | 2,6 | 6,4 |
| **Казахтелеком** | 21 630,0 | 2,5 | 6,6 |
| Газпром (Россия) | 749,5 | 1,8 | 1,4 |
| РД КазМунайГаз (прив.) | 8 201,0 | 1,25 | 10,7 |
| Банк Астаны | 1 236,0 | 1,1 | 6,7 |
| **КазТрансОйл** | 1 331,0 | 0,0 | -0,8 |
| QAZKOM | 166,9 | -0,1 | 11,2 |
| АЗМ | 12 229,4 | -0,5 | -0,4 |
| **KEGOC** | 1 380,0 | -0,9 | -2,2 |
| **Народный банк** | 78,5 | -1,5 | -1,5 |
| БАСТ | 56 450,0 | -1,7 | 0,2 |
| Аэрофлот (Россия) | 934,3 | -1,8 | -13,2 |
| Казахтелеком (прив.) | 8 390,0 | -2,9 | 11,9 |
| **KAZ Minerals** | 3 540,0 | -3,0 | -5,0 |
| **Kcell** | 1 756,0 | -4,0 | -4,6 |
| Bank of America | 8 870,0 | -6,1 | 0,0 |
| QAZKOM (прив.) | 90,0 | -13,9 | -23,7 |

Жақында Компания 2017 жылдың бірінші жартыжылдығына дивиденд төлеген, KEGOC акцияларынан басқа акциялар, мемлекеттік сыңайлы сектор қағаздары өздерін сенімді сезінді. Мұнай құнының артуы жағдайында Қазмұнайгаз Барлау Өндіру акциялары өскенін байқаймыз, бір аптада олардың құны 2,6% өсіп, 21 400 теңгені құрады.

Бір аптада KASE 4 шығарылым облигациясы орналастырылды. Қаржы Министрлігі KASE екі облигация шығарылымын орналастыру арқылы 16,1 млрд теңге тартты. Алғашқысы 9,3 млрд теңге - мерзімі 2 090 күн (5,8 жыл) жылдық 8,89%. Екіншісі 6,8 млрд теңге - мерзімі 1 319 күн (3,7 жыл) жылдық 8,85%.

Осы аптада жергілікті атқарушы органдар облигацияларын орналастыру жүргізді, Маңғыстай және Атырау облысының әкімдіктері мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында Қазақстан қор биржасында тиісінше 3,1 млрд және 1,3 млрд теңге тартты. Облигацияларды шығару мерзімі жылдық кірістілігі 0,35% 2 жылды құрайды.

Валюталық своп операциялары бойынша аптадағы кірістілігі теңгенің нығаюына қарамастан, 102 б.н өсіп, жылдық 9,91% құрады. Репо сегментінде кірістілігі 2 б.н. өсіп, жылдық 9,32 % құрады.

Ұлттық Банк айналым мерзімі әртүрлі 7 нот шығарылымын биржадан тыс бір аптаның ішінде орналастырып, нарықтағы артық өтімділікті алып алуды жалғастырды. 7-күндік ноттар бойынша кірістілігі өзгерген жоқ және жылдық 9,25 % құрады. Орналастыру көлемі 960 млрд теңгені құрады. 28-күндік ноттар бойынша мөлшерлемесі жылдық 9,39 % жетті. Орналастыру көлемі 136 млрд теңгені құрады. Орналастыру көлемі 21,5 млрд теңгені құраған жағдайда 12-айлық ноттар бойынша мөлшерлеме жылдық 8,99 % құрады. Бірлескен сұраным ұсынымнан 26% асып түсті, алдыңғы аптадағы сұраным ұсынымнан 12% артқанын көрсеткен.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

**Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Апта қорытындысы бойынша доллар бағамы 0,5% немесе 1,53 теңгеге төмендеп, 332,57 теңгені құрады. Сауда-саттық көлемі 5 күн ішінде 457 млн долларын құрады, ол өткен аптамен салыстырғанда 10% азайған. Теңге 3 апта бұрынғы құлдыраудың орнын толтырғандай, үш апта қатарынан нығайып келеді. Ұлттық валютаның нығаюы 2 жылда максималды мәнінде сатылып жатқан мұнайдың бағасы өсуіне ықпал етуде.

Рубль апта ішінде 2017 жылдың 24 тамызынан бастап минималды мәніне дейін әлсіреді, 2% немесе 0,1174 теңгеге төмендеп, 5,6105 теңгені құрады. Сауда-саттық көлемі 258,6 млн рубль.

Бір аптдағы юань бағамы 46 тиынға төмендеп, 50,075 теңгені құрады.

**Шет ел валюталарының бағамы динамикасы**
**Δ %, база (01.01.17)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2017, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 435,95 | -1,7 | -2,1 | +6,4 |
| USDKZT | 332,99 | -0,6 | -1,3 | -0,1 |
| EURKZT | 386,27 | -1,0 | -3,0 | +9,6 |
| CNYKZT | 50,17 | -1,1 | -2,3 | +4,5 |
| RUBKZT | 5,61 | -2,6 | -3,8 | +3,3 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**
**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 2 582,30 | -0,2 | 1,1 | 19,1 | -0,1 |
| Dow Jones | 23 422,21 | -0,5 | 2,4 | 24,5 | -0,3 |
| РТС | 1 156,74 | 4,3 | 1,2 | 16,4 | 4,2 |
| ММВБ | 2 169,26 | 4,2 | 3,2 | 6,1 | 4,2 |
| Hang Seng | 29 120,92 | 1,8 | 2,6 | 27,5 | 1,8 |
| SS CSI 300 | 4 111,91 | 3,0 | 5,4 | 21,3 | 3,9 |
| Euro Stoxx 50 | 3 593,76 | -2,6 | -0,4 | 18,0 | -2,6 |
| FTSEuroFirst | 4 320,50 | -1,4 | 0,6 | 13,3 | -1,8 |
| FTSE 100 | 7 432,99 | -1,7 | -1,3 | 8,9 | -1,5 |
| KASE | 2 067,18 | -0,6 | -0,2 | 53,8 | |

## Шикізат нарығы 10.11.2017

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а |
|---|---|---|---|
| Мұнай | 63,52 | 2,3 | 11,6 |
| | 56,74 | 2,0 | 10,6 |
| Табиғи газ | 3,21 | 7,7 | 11,2 |
| Мыс | 307,60 | -1,3 | -0,6 |
| Темір | 460,50 | 0,1 | -2,8 |
| Алтын | 1 275,07 | 0,4 | -1,3 |
| Күміс | 16,87 | 0,2 | -1,5 |
| Астық | 431,50 | 1,4 | -0,4 |

## Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық оқиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 14.11 | Өнеркәсіп өндірісінің көлемі (ж/ж) (қаз) | CNY | 6,3% | 6,6% |
| 14.11 | Федералды резервтегі Йелленің сөзі | USD | | |
| 14.11 | Драги ЕОБ басшының сөзі | EUR | | |
| 14.11 | Өндірушілер бағасының индексі (PPI) (а/а) (қаз) | USD | 0,1% | 0,4% |
| 15.11 | Тұтыну бағаларының негізгі индексі ТБИ (а/а) (қаз) | USD | 0,2% | 0,1% |
| 16.11 | Тұтыну бағаларының индексі ТБИ (ж/ж) (қаз) | EUR | 1,4% | 1,4% |
| 17.11 | Драги ЕОБ басшының сөзі | EUR | | |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Жыл басына |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 7,7 % | 01.11.17 | 8,5 % |
| ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD | 31 844 | 01.11.17 | 29 530 |
| Қаржы базасы, млрд KZT | 5 690,8 | 01.11.17 | 5 162,2 |
| Қаржы массасы, млрд KZT | 20 508,5 | 01.10.17 | 19 912,6 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-тұрақты | 08.09.17 | BBB- негативті |
| Moody's | Baa3 тұрақты | 26.07.17 | Baa3 негативті |
| FitchRatings | BBB тұрақты | 20.10.17 | BBB тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ «Almaty Towers»

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларын пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді .
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факорлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2017